КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 15 желтоқсан Іс №7119-23-00-2/14271 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Масалумова» (Масалумова Молдир Серикжановна) жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Масалумова» (Масалумова Молдир Серикжановна) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Масалумова» (Масалумова Молдир Серикжановна) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 5033(бес мың отыз үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 1876 (бір мың сегіз жүз жетпіс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 15.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Бертыбаева С. Т., 06.02.2024
7119-23-3-1/14028

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 15.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Бертыбаева С. Т., 06.02.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство